№9 (465)
30 қыркүйек
2021 жыл

# Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



# БОЛАШАҚТЫҢ МҰҒАЛІМІМІН

Айгерим Алымова
Ақтөбе өңірлік
Zhubanov University
университетінің
«Химия»
мамандығының
4-курс студенті
«Қазақстан мұғалімі» –
«National Teacher Prize
Kazakhstan» Ұлттық
сыйлығының
«Болашақ мұғалім»
номинациясының
жеңімпазы

6-7 бб

## Осы санда



ЖОЛДАУДАН
КЕЙІНГІ
BRAIN STORMING

2-4 бб



КӘСІПОДАҚ
ҚУАНТТЫ

8-9 бб



СЧАСТЛИВЫЙ
ВЫБОР

16-стр

## Address of the President to the People of Kazakhstan

# Жолдаудан кейінгі

**Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауына байланысты brain storming өткізілді. Шара модераторы, Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова Жолдаудың қолжетімді әрі сапалы білім мәселесі туралы V-тарауында көрсетілген білім сапасын көтеру, ғылымды жүйелі түрде дамыту мәселелерін ең өзекті санайтынын айтты. Ой-талқыдан соңғы ойын ректор Facebook парақшасында жазып, көпшілікке жеткізді.**




«Бүгін Жұбанов университеті ұжымымен бірге Жолдау аясында айтылған идеялар мен тапсырмаларды жүзеге асыру жөнінде брейнсторм жасадық. Профессор-оқытушылар тарапынан ғылымды дамытуға мүмкіндік бермей отырған проблемалар айтылып, сұрақтар қойылды. Ғылымды дамытудың алғышарты академиялық сапа және адалдық стандарттарын қалыптастыру мәселесі де көтерілді» дей келе жаңа оқу жылында университеттің негізгі жұмыс бағыттарын да атап өтті.

«Осы оқу жылындағы университеттің жұмыс бағыттары — білім беру бағдарламаларын жаңа талаптарға сай бейімдеу, педагог кадрларға үздіксіз білім беру жүйесін жаңарту, қашықтан оқыту технологияларын жетілдіру, ғылыми зерттеу жұмыстарын өңірдегі проблемаларды шешуге бағыттау және инклюзияны қамтитын болады», — деді ректор Л.Қарабасова.

— Жолдаудағы жаңа идеяларды талқылауды, тапсырмаларды қалай жүзеге асырамыз деген сұраққа жауап іздеу үшін жиналып отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, Жолдаудағы ең үлкен блоктардың бірі — ол сапалы білім мәселесі. Әсіресе осы Жолдауда мектептердің, жоғары оқу орындарының берген білімі еңбек нарығына жетпей ескіріп қалатыны айтылды. Біз алда дүниежүзілік қауымдастығымен бірге, жұмыс берушілермен, өңірдегі басқа да стейкхолдерлермен бірігіп білім беру бағдарламаларына талдау жүргізетін боламыз. Бұл үлкен маңызды шара болғалы тұр. Екінші мәселе, ол университет дайындаған білім беру бағдарламаларының контенті. Қашықтан оқытудан көптеген тәжірибеміз бар, студенттердің тәжірибесі бар, студенттер үшін де, оқытушылар үшін де игеруге өте оңай, білімдерді бақылау LMS Moodle жүйесін енгізетін боламыз.

Жолдауда Халықаралық пәндік Олимпиада жеңімпаздары туралы айтылды. Мұндай титулды түлектер шетелдік немесе еліміздің жоғары деңгейдегі ұлттық ЖОО-ларын таңдайды, өңірлік университеттерде оқығысы келмейді. Әрине, әр адамда таңдау еркіндігі бар. Дегенмен үздік таланттарды біздің университетке тарту бағытында не істеу керек, қалай қызығушылығын оятамыз, ол үшін білім беру бағдарламалары қандай болуы керек деген өзекті сұрақтарға жауап іздейтін боламыз.

Бұл Кәсіби бағдар беру және қабылдау комиссиясы бөлімінің ғана жұмысы болмауы керек.

Мұғалімдерді қайта даярлау мәселесі тұр. Осы жылы Дүниежүзілік банк жобасына кірдік.

Жоба барысында Nazarbayev University, Финляндияның Häme University және біздің Zhubanov University бірге, серіктестік қатынаста педагог кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру бағытында жұмыс істейтін боламыз. Білім сапасы, білім саласындағы жаңа стандарттар бойынша аталған серіктес оқу орындарынан үйренетініміз көп.

Әлеуметтік мәселе Жолдаудағы ерекше назар аударатын тұс. Оқытушылардың жалақысы белгілі бір деңгейде көтерілді, енді қызметкерлердің жалақысын да уақыт талабына сай жоғарылатумен қамтамасыз етеміз. Алайда жаңа жалақы жаңа талаптарға байланысты, еңбек сапасына сай көтерілетін болады, — деп қорытындылады сөзін ректор.

Brain storming спикерлері: Басқарма мүшесі-Ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры Рахым Бекназаров, Басқарма төрайымы-Ректор кеңесшісі, Ақтөбе облыстық корейлер қауымдастығының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Константин Цхай, Бас ғылыми хатшы, Ақтөбе қалалық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» депутаттық фракциясының мүшесі Мира Балтымова, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының оқытушысы, педагогика магистрі Райбек Сағадатов Жолдауға қатысты пікірлерін ортаға салды.

Еркін микрофон арқылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жоғарғы мектеп қызметкері, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Жайшылық Сартабанов жаңа ректорға Жолдауда көрсетілген жүйелі реформаларға қатысты құнды ұсыныстарын айтты.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК БАСТЫ БАҒЫТТЫҢ БІРІ



**Рахым Бекназаров**
**Zhubanov University Басқарма мүшесі-Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор**
**Тарих ғылымдарының докторы**
**Профессор**

Президенттің биылғы Жолдауында қолжетімді әрі сапалы білім туралы бағыт-бағдар айтылған. Біздің университет елімізде бұл саланы дамытуға нақты атсалысуда. Сапалы білім педагог мамандардың сапалы дайындалуына байланысты. Сондықтан педагогикалық мамандық таңдаған жасқа талап та күшейді. Биылғы талапкерлерге оқуға түсу үшін емтиханнан шектік бал 75-ке көтерілді. Бір байқағанымыз бұған қарамай, педагог кәсібін таңдаушылар саны арта түсуде. Өзіміз бойынша айтсам, өткен жылы педагогикалық мамандықтарға оқуға 272 талапкер түссе, биыл олардың саны 1914-ке артты. Осының бәрі соңғы жылдары педагогика саласына қатысты оң өзгерістер, жылы көзқарастарға қатысты деп ойлаймын. Біз өз тарапымыздан болашақ педагогтарға кең таңдау мүмкіндігін ұсыну үшін «Клиникалық психология», «Ағылшын тілі және информатика» сияқты, еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие мамандықтар аштық. Стратегиялық даму жоспарымызда әлі талай жаңа заман мамандықтарын ашу мәселесі бар. Zhubanov University өңірдегі ең ірі жоғары оқу орны. Контингент саны 17 мың адамды құрайды. Егер Ақтөбеде 21 мың білім алушы болса оның 15 мыңы бізде оқиды.

Сондықтан университетің маңызды бағытының бірі әлеуметтік жауапкершілік. Былтыр 287 студентке кәсіпорындармен байланыс орнату нәтижесінде стипендия үшін 110 миллионнан аса ақша бөлінді.

Университеттің өз әлеуметтік саясатына орай ақылы негізде оқып жатқан студенттердің 16 пайызына 100, 50, 25 пайыздық көлемде оқу төлеміне жеңілдік жасалады.

Қабылдау комиссиясы науқанында құжат тапсыру кезінде әлі болашағын анықтамаған талапкерлер байқалады. Соңғы екі жыл бойы "Жұбанов керуені" мегажобасы арқылы облыстың 12 ауданын түгел аралап, мамандықтар жайлы түсіндірумен, ақпараттандырумен айналысамыз. Игі іс дәстүрге айналды. Жемісі бар.

Сондай-ақ "Ата қоныс-Ақтөбе" жобасы бойынша Өзбекстанда тұратын қандастарымызды оқуға тарту жұмысы ойдағыдай жүргізілуде. Екінші жыл ол жақтан қазақ мектебін бітірген талапкерлер біздің университетте жоғары білім алуға келіп жатыр.

Университет жақын болашақта жергілікті мәселелерді шешетін ғылыми орталыққа айналу мүмкіндігіне ие. Тіл, экономика, жалпы қай сала болмасын, консалтингтік орта қалыптастыруға қауқарымыз жеткілікті. Бұл турасында бағыттар айқын. Енді соны дамыту ләзім деп ойлаймын.



# brain storming

## «АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІ» ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНА БЕЛСЕНДІРЕК ҚАТЫСУЫ КЕРЕК



**Константин Цхай**
**Zhubanov University Басқарма төрайымы-Ректор кеңесшісі, Ақтөбе облыстық корейлер қауымдастығының төрағасы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында елдің жетістіктеріне тоқталып қана қоймай, одан әрі өркендеуіне кедергі келтіретін проблемалар мен қиындықтарды айтты. Осылайша, ол осы мәселелерді шешуге бағытталған жүйелік реформаларды қабылдауға бастамашы болды.

Әріптестердің сөйлеген сөздерінде Жолдаудың түрлі аспектілері айтылды. Мен Қасым-Жомарт Кемелұлының ел интеллигенциясына ұсынылған реформаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуға үндеуіне қысқаша тоқталамын, өйткені біз бәріміз қоғамның осы санатына жатамыз.

Президент прогрессивті интеллигенцияның қоғам мүшелерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде, патриотизм сияқты жалпыадамзаттық қасиеттерге тәрбиелеуде, азаматтық борыш пен жауапкершілікке тәрбиелеуде, білімге және құқықтық мәдениетке ұмтылуда ылғи атсалысып жүргенін атап өтті. Алайда Президент қазір уақыттың басқа екенін, елдің күрделі, тез өзгеретін әлемде, ғаламтордың арқасында ақпарат өте маңызды рөл атқаратын әлемде өмір сүретініне назар аударды.

Өкінішке қарай, бұл рөл негізінен теріс әсер етіп жатыр. Жалған және ойдан шығарылған құндылықтар ашық түрде насихатталады, өзімшілдікті насихаттайды және альтруизмді атавизм деп қабылдайды, патриотизм ұғымын жоюға тырысады, Отан сенің көңіл-күйің қай жерде жақсы болса сонда екенін айтады, отбасы мен неке институты сияқты құндылықтарға үнемі шабуыл жасалады.

Біз мұндай теріс ақпараттың қоғамның белгілі бір бөлігіне, әсіресе жастарға жақсы істер мен іс-әрекеттермен емес, кез келген тәсілмен өзіне назар аударуға ұмтылатын жастарға ұнап жатқанын мойындауымыз керек. Оған дәлел өзін блогер дейтін қоғам мүшелерінің жазбасына назар салу, Тик-Ток сервисінің өнімдерін қарау, неше түрлі адамгершіліксіз ток-шоуларды көру арқылы көз жеткізуге болады. Және мұның бәрі адам құқығын абсолюттендіру, адам құқығы бәрінен жоғары деген желеумен жасалып жатыр. Адам құқығы басқа адамдардың құқықтарын бұзбаса, олар құқық болып қала береді. Бұл туралы жастарға шамдандырмай, бірақ сенімді түрде кураторлық сағаттарда, пікірсайыс турнирлерінде айтып отыру керек. Университет ардагерлерінің басын қосатын Ақсақалдар кеңесі тәрбие жұмыстарына белсендірек қатысуы керек. Елбасы біздің баға жетпес байлығымыз — халықтың бірлігі мен ұлтаралық келісім туралы да айтты. Бұл сөздердің айтыла-айтыла қадірі азайған сияқты. Оның үнемі айтылуы достықты нығайтпайды. Этносаралық қатынастар — бұл өте нәзік нәрсе, ол кез келген сәтте бұзылуы мүмкін. Сонымен қатар, солай болуын қалайтын сыртқы және ішкі күштер бар. Мысал ретінде этносаралық қақтығыстың сипатын бергісі келген Бестамақтағы шошқа фермасының айналасындағы экономикалық қақтығысты айтуға болады.

Университетіміз аймақтағы ұлтаралық келісім мәселелеріне назар аударатынын Қазақстан халықтары Ассамблеясы және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі Сарсембин Үмбетхан мен кафедра оқытушысы Мацюк Дмитрий Ақтөбе облысының ҚХА-мен мүмкін болатын ұлтаралық қақтығыстардың әлеуметтік алғышарттарын анықтайтын ғылыми-сараптамалық кеңестің мүшелері ретінде белсенді ынтымақтастықта. Бұл жұмысты күшейту қажет.

## ЖОЛДАУДА БЕЛГІЛЕНГЕН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУҒА ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН АТСАЛЫСУ



**Мира Балтымова**
**Zhubanov University Бас ғылыми хатшысы Ақтөбе қалалық мәслихатының депутаты «Nur Otan» депутаттық фракциясының мүшесі**

2021 жылғы 1 қыркүйек күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті үшінші Жолдауын жасады. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын жариялады.

Жолдауда 7 басымдық белгіленді.

Президент: «Қазақстанның басты байлығы — Еліміздің азаматтары. Сіздердің амандықтарыңыз — менің Президент қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім», — дей келе, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған 5 бастаманы белгілеп берді.

Жолдаудың үшінші басымдығы сапалы білім беру мәселесіне арналды. Бұл ретте Мемлекет басшысы мынадай мәселелерді атап өтті:

• Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу үшін ерте кәсіби бағдар беру жұмысын Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп шешуі керек.

Университетте кәсіби бағдар беру жұмысы жолға қойылған, соңғы жылдары аудандарда жүргізіліп жатыр және де кәсіби бағдар беру жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізіледі. Бүгінгі таңда университет контингенті молайып, сапалық көрсеткіштері де жақсарып келеді.

• Қашықтан жұмыс істеу тәсілінің қарқынды дамуымен көптеген жаңа кәсіптер пайда болып, үдерістердің көпшілігі автоматтандырылып, цифрландырылып жатыр. Сондықтан, «Кәсіби біліктіліктер туралы» Заң қажет.

Бұл ретте университетте Үздіксіз білім беру институты жұмыс жасайды, институтта қайта даярлау курстары сапалы әрі үздіксіз жүргізіліп келеді.

Тәрбие:

• Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын.

Спорт:

• Денсаулық кепілі — дене шынықтыру. Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын біртіндеп салуды қамтамасыз етуге тиіс.

Оқу орнында спорт инфрақұрылымының аясы кеңейіп келеді. Токио олимипиадасына университет студенті қатысып, басқа білім алушыларымыз әртүрлі деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр.

Гендерлік мәселе:

• Осы жаздың басында Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына да өзгерістер енгізген жөн.

• Біз инклюзивті қоғам құрып жатырмыз. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде ерекше қажеттілігі бар тұлғалар көп емес. Жастар мен әйелдерден бөлек, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға да квота белгілеу керек.

Оқу орнында инклюзивті білім беруге толық жағдай жасалған.

**(Басы. Соңы 4-бетте)**

# Жолдаудан кейінгі brain storming

Мәдениет:

• Жас әрі дарынды мүсіншілер, суретшілер, театр қызметкерлері, музыканттар, қаламгерлер жаңа жанр түрлерін игеріп, ұдайы ізденіс үстінде жүреді. Олар меценаттардың көмегімен ғана күн көреді. Сондықтан Үкімет жыл соңына дейін жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін дәріптеуге бағытталған нақты шаралар жоспарын ұсынуға тиіс. Креативті индустрияны қолдау қорын құру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Жас дарындарды қолдау мәселесі оқу орнында көрініс тапқан.

Мемлекеттік тілді дамыту:

• Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл — қазақ тілі. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуі тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі. Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгерсе, бұдан еш ұтылмайды.

Түйіндей келе айтарым, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында алға қойылған мақсаттар, нақты белгіленген міндеттер баршамыздың жанашырлықпен атсалысуымыз арқылы ғана жүзеге асатын болады. Жолдауда белгіленген міндеттердің орындалуы жолында бірлесе қызмет етеміз!

## ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҺАНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТАНЫЛУЫНА ЖАС ЖҰБАНОВШЫЛАР ҮЛЕСІ



**Райбек Сағадатов**
**“Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының оқытушысы**
**Педагогика магистрі**

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы бойынша межелік мәселелер бүгінгі бас қосуда нақты айтылды деп білемін.

Мақсатымыз айқын, Жолдаудың түпкі нәтижесі әрбір қазақстандықтың әлеуетін арттыруға бағытталған. Себебі, мемлекетіміздің басты байлығы — Қазақстан халқы. Оның болашағы жастар. Қазіргі уақытта мемлекетімізде жастарға үлкен мүмкіндіктермен бірге зор үміт артылуда. Президенттің пайымдауынша, қазіргі біздің әрекеттерімізді, жаһандық әсерге жауаптарымыз бен жағдайларға қарсы тұрып, тіпті кейде оны өзгерте алуымыздың барлығы ел жастарының міндеті.

Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген қағидасын ұстанған Жұбанов университетінің жас мамандары мен білім алушылары өткен жылы толағай табыстарға жетті. Сөзімнің дәлел ретінде «PROACTIVE» академиясы — белсенділік жастар хабының бірнеше бағыттағы жобаларын айта аламын. Пандемия кезінде университеттен онлайн волонтерлар мектебі жобасы іске асырылып, нәтижесінде 8 волонтерлық клуб құрылды, 150 волонтер кәсіби даярланды, 60 мектеп тәлімгерлері курстан өтті, үш миссиялы эксперт 4 жоба шағын гранттарды жеңіп алды. Облыстағы жыл қорытындысы бойынша біздің жоба облыс әкімінің үздік жоба номинациясын иеленді. Сонымен қатар, университет студенті Жалғасбаев Нұрбек көшбасшы болып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыға үй салып беріп, волонтерлар клубын құрып, соның нәтижесінде «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Бұл еріктілік бағыт бойынша. Жас жұбановшылардың басым бөлігін сонымен қатар дебат қозғалысындағы студенттер құрады. Бүгінде он жылдық тарихы бар қозғалыстың түлектері облыстық әкімдікте, кәсіпкерлік басқармасында, журналистикада қызмет етеді. Біздің университеттің дебат клубтары ауылдық жерлердегі мектептерден филиалдарын ашып, оқушыларға дебат қозғалысының қыр-сырын үйретіп келеді. Ол қозғалыстың көшбасшысы Назарбаев университетінің дәстүрлі «Көшпенділер көкжиегі» дебат турнирінің жеңімпазы Исламбек Бітімбай.

Адами капитал білім мен денсаулықтан құралса, студенттердің спорт саласындағы жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай. Біздің мақтанышымыз «Денешынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Нұрқанат Әжіқанов. Ол Париждегі біріншіліктен Токио Олимпиадасына лицензия ұтып, оның қатысушысы болды, бір-екі жетілікте каратэден жоғары деңгейде өнер көрсетіп Ресейдің Қазан қаласында өткен ТМД ойындарында топ жарып, алтын иеленді.

Қазір Қазақстан мүлде жаңа дәуірге қадам басты деген Мемлекет басшысы даму бағыттарымызды анықтайтын Жолдауда жас ғалымдар мен жас өнерпаздардың әлеуетіне үлкен сенім артты. Осы орайда еліміздің жаһандық деңгейде танылуының негізгі күші жастардың қатарында жас жұбановшылар болатындығын сеніммен айта аламын.

## ЖАСТАР АЛДЫНДА МАРАПАТЫҢМЕН ЕМЕС, САЛИҚАЛЫ СӨЗІҢМЕН ЖӘНЕ НАҚТЫ ІСІҢМЕН КӨРІНУ



**Жайшылық Сартабанов**
**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жоғарғы мектеп қызметкері Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі физика-математика ғылымдарының докторы**
**Профессор**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын 1-ші қыркүйек — Білім күні жасады. Бұл оның елдің білімділігіне, білімділіктің айнасы біліктілікке аса назар аударатындығының нышаны. Халқымызда мынадай аңыз бар. Бақыттан «Қайда барасың?» деп сұрапты дейді. Одан «Бірлікке барамын» деген жауап алыпты. Осыдан шыққан «Бірліксіз тірлік болмас» деген халық нақылы бар. Тірліктің басқаша атауы — даму. Демек, өзгеру, жаңғыру, реформа жасау, оны жүйелі түрде жүргізу — қазіргі заманғы негізгі қағида. Өркені өсер елдің осындай мәселелермен айналысуы өмір қажеттілігі. Қасым-Жомарт Тоқаев 7 бағытты Жолдауын қорытындылай келе халқымыздың әл-ауқатын көтеру бағытындағы дамудың 5 саласы бойынша 5 бастама көтеріп отыр. Өте асық болуға керекті бұл 5 бастаманы қараңыз.

Енді осы бастамаларға жан бітіріп, қызу орындауға кірісуіміз керек.

Мен университеттегі еңбек ардагерлерінің ішінде біріншіден, әлі еңбек етіп келе жатқандарының жасы үлкендерінің бірімін. Екіншіден, іргелі ғылымды дамытудың уәкілімін. Үшіншіден, осы оқу орнында (қайта ашылған 1966 жылдан бері) 55 жыл қызмет етіп келе жатқан ардагер-ұстазбын. Осыған орай Жолдаудағы үш мәселеге тоқталғым келеді.

1.Жолдауда «ЖОО мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті» деген жолдар бар. Осы міндетті орындауда қашықтан оқытудың әдістемесін жетілдіруге аса назар аудару керектігін айтқым келеді. Бұл шәкірттердің өз бетінше білім алуына баулитын әдістеме болуы керек. Шәкіртке, әсіресе, магистранттар мен доктаранттарға өз бетінше білім алу мен өз бетінше ізденісті қалыптастырмай, саналы маман даялау мүмкін емес. Кафедралар осы мәселеге айырықша көңіл аударуы керек.

2. Президент іргелі ғылыммен айналысатындарға қаржылай қолдау көрсетуді министрлікке тапсырған екен.

Ендеше, университеттің өз құқығымен шешілетін мәселе — іргелі ғылымға базалық қаражат бөлу арқылы қолдау көрсету — бүгінгі күннің қажеттілігі екеніне университет ректорының назарын аударғым келеді. Лаура Чапайқызын жаңа қызметімен құттықтаймын, жауапты қызметте табысты болуына тілек білдіремін.

3. Жолдауда Президент ұлттық намысқа тиетін ұлттың ұйысуы туралы мәселелер көтерген. Осы жерде ардагерлердің арқасын қыздыратын, олардың міндеттері көрсетілген.

«Басты міндет — жалпы адам затына ортақ, қасиетті құндылықтарды жастардың бойына сіңіру» деген мақсатқа бағытталған.

Жолдауда осыған орай, «Адасқанға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген ел ағалары бірауыз сөзбен шектегін тыйып, шектісін төрге оздырған» деген әдемі жолдар тұр. Бұл сөз — өмірлік тәжірибесі мол, университеттің еңбек ардагерлеріне тікелей қатысы бар тіркестер. «Марапатыңмен емес, салиқалы сөзіңмен және нақты ісіңмен көрінуге тырыс» деп шақырады.

Біздің университетте мұндай ақсақалдар баршылық, бірақ, студент-шәкірттермен, жастармен кездестіретін шаралар тапшылық болмағай деп тілеймін.

Мұны факультет декандары өз ардагерлерімен тығыз байланыста болып, шешуге болатын іс екеніне назар аударамын.

Университет ардагерлерін қолдап, керекті жерде олармен бірлесе шаралар өткізу — университеттің міндеті.

**Материалды әзірлеген**
**Гүлнара Дауылбайқызы**

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

# АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ АҚТӨБЕЛІК БІЛІМ НЫСАНДАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Ақтөбеге жұмыс сапарымен келген ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов педагогтар қауымымен кездесуді Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінен бастады. Ол оқу ордасының жаңа ректорын тағайындады. 34 жасар Лаура Қарабасова Ақтөбе өңірінде туып-өскен, 2008 жылы Zhubanov University университетін үздік дипломмен бітірген. «Лаура Қарабасова М.Құсайынов атындағы дарынды балалар мектебін үздік бітіріп, одан кейін осы университетте білімін жетілдіріп, кейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританиядағы ең беделді ЖОО-лардың бірі Уорик университетін (University of Warwick) тәмамдаған. Сонымен қатар Назарбаев университетінде білімін жалғастырып, сол университетте менеджер мамандығынан бастап, департамент басшылығына дейін көтерілді. Осындай дүниежүзілік деңгейдегі білімімен, біраз тәжірибе жинақтай отырып Лаура Чапайқызы өзі алғаш академиялық білім алған университетінде жұмыс істейтін болады», — деді министр ресми тағайындау сәтінде.

Содан кейін министр Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінде болды, онда министр назарына «Жас маман» жобасының ұсынылды. Колледж ауыл шаруашылығы, мұнай және газ, электрмен жабдықтау бағытында білім береді.

Сондай-ақ Асхат Аймағамбетов Батыс-2 шағын ауданында орналасқан жаңа «Білім» мектеп-гимназиясында болды. Жеке кәсіпкердің қаржысына тұрғызылған бұл нысанның ішін аралап көрген министр заманауи талаптарға сай жабдықталған мектепке оң бағасын берді.

Жұмыс сапарының соңында министр өңірдегі білім саласының қызметкерлерімен жалпы жүздесті. Онда еліміздің бас ұстазы ҚР Президентінің биылғы Жолдауында айтылған басымдықтарға тоқталды.

«Мемлекет басшысы білім-ғылым сапасын арттыру бағытында алдымызға нақты тапсырмалар қойып отыр. Педагог мәртебесін көтеру, мектеп құрылысын арттыру, жоғары және арнаулы білім мекемелерін қолдау бойынша елімізде көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Алдағы уақытта Президент тапсырмасын орындау бойынша елімізде мыңнан астам мектеп салынады. Ақтөбе облысында да 20 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Біз облыс әкімімен бірге білім саласын қолдау бағытында екіжақты меморандумға қол қойдық. Сапалы білім беру мен ұстаздар қауымын қолдау тұрғысынан келгенде Ақтөбе облысының әлеуеті өте жоғары. Өңірде жасалған жұмыстар өте көп, бірлесіп атқаратын жұмыстар өз жалғасын табатын болады», — деді Асхат Аймағамбетов.



# АСХАТ АЙМАГАМБЕТОВ ОЗНАКОМИЛСЯ С УЧЕБНЫМИ ЗАВЕДЕНИЯМИ АКТОБЕ

Министр образования и науки Казахстана Асхат Аймагамбетов, прибывший в Актобе с рабочим визитом, начал встречу с преподавателями Zhubanov University. Он назначил нового ректора университета. 34-х летняя Лаура Карабасова родилась и выросла в Актюбинской области, в 2008 году с отличием окончила Zhubanov University. «Лаура Карабасова с отличием окончила школу одаренных детей имени М. Кусаинова, высшее образование получила в этом университете, а затем окончила один из самых престижных ВУЗов Великобритании Уорикский университет (University of Warwick ) по программе «Болашак». Далее продолжила обучение в Назарбаев Университете, здесь же прошла карьерный путь от менеджера до руководителя департамента. Обладая образованием мирового уровня и большим опытом, Лаура Чапаевна будет работать в университете, в котором получила свое первое академическое образование», - сказал министр в ходе официального назначения.

Затем министр посетил Актюбинский высший политехнический колледж, где был презентован проект «Молодой специалист». Колледж выпускает специалистов в области сельского хозяйства, нефти и газа, электричества.

Асхат Аймагамбетов также посетил новую школу-гимназию «Білім», расположенную в микрорайоне Батыс-2. Министр осмотрел объект, построенный на средства индивидуального предпринимателя, и дал высокую оценку школе, оборудованной в соответствии с современными требованиями.

В завершение рабочего визита министр встретился с работниками образования региона. Главный педагог страны рассказал о приоритетах, обозначенных в Послании Президента Казахстана в этом году.

«Глава государства поставил конкретные задачи по повышению качества образования и науки. В стране проводится большая работа по повышению статуса учителей, увеличению строительства школ, поддержке высших и специальных учебных заведений. В будущем по поручению Президента в стране будет построено более тысячи школ. В Актюбинской области строятся 20 школ. Вместе с акимом области подписали двусторонний меморандум в поддержку образования. Актюбинская область имеет хороший потенциал в плане качественного образования и поддержки учителей», - сказал Асхат Аймагамбетов.

# ASKHAT AIMAGAMBETOV VISITED EDUCATIONAL INSTITUTIONS OF AKTOBE

The Minister of Education and Science of Kazakhstan Askhat Aimagambetov, who arrived in Aktobe on a working visit, began a meeting with the teachers of Zhubanov University. He appointed a new rector of the university. 34-year-old Laura Karabasova was born and raised in the Aktobe region, in 2008 she graduated with honors from Zhubanov University. “Laura Karabasova graduated with honors from the M. Kusainov School for Gifted Children, graduated from this university, and then graduated from the University of Warwick, one of the most prestigious universities in Great Britain, under the Bolashak program. Then she continued her studies at Nazarbayev University, where she also made her career from manager to head of department. With world-class education and extensive experience, Laura Chapaevna will work at the university where she received her first academic education, ”the minister said during her official appointment.

Then the minister visited the Aktobe Higher Polytechnic College, where the "Young Specialist" project was presented. The college graduates specialists in the fields of agriculture, oil and gas, and electricity.

Askhat Aimagambetov also visited a new school-gymnasium "Bilim", located in the Batys-2 microdistrict. The minister inspected the facility, built with funds from an individual entrepreneur, and praised the school, equipped in accordance with modern requirements.

At the end of the working visit, the minister met with education workers of the region. The country's chief teacher spoke about the priorities outlined in the Address of the President of Kazakhstan this year.

“The head of state has set specific tasks to improve the quality of education and science. A lot of work is being done in the country to improve the status of teachers, increase the construction of schools, and support higher and special educational institutions. In the future, on behalf of the President, more than a thousand schools will be built in the country. 20 schools are under construction in Aktobe region. Together with the regional akim, we signed a bilateral memorandum in support of education. Aktobe region has good potential in terms of quality education and support for teachers, ”Askhat Aimagambetov said.

## Person of tne month

# БОЛАШАҚТЫҢ МҰҒАЛІМІМІН



**«Global Teacher Prize» жобасы — Нобель сыйлығының мұғалімдер арасындағы баламасы. Бұл байқауға дүниежүзінің түкпір-түкпірінен ең үздік педагогтары қатысады. Онда мұғалімнің білім дәрежесі, жеткен жетістігі, дәріс өткізу әдісі, оқушылармен байланысы, тәлім берген балаларының жетістігі, жаңа технологияны қолдануы, қоғамға пайдалы ісі бағаланады. Жеңіске жеткен мұғалімге берілетін сыйақы мөлшері де қомақты — 1 миллион АҚШ доллары.**

**"Әлеуметтік маңызды бастамаларды дамыту" қорының негізін қалаушы Әлия Назарбаева 2019 жылы халықаралық "Global Teacher Prize" премиясын ұйымдастырушыларымен меморандумға қол қойып, соның нәтижесінде елімізде «Қазақстан мұғалімі» жобасы қолға алынды. Мақсаты — педагог мәртебесін арттыру және олардың ғаламдық жарыстарға қатысуына мүмкіндік беру. «Қазақстан мұғалімі» байқауынан жеңген педагогтар дүниежүзі бойынша өтетін «Global Teacher Prize» жобасына жолдама алады.**

**«Қазақстан мұғалімі» премиясына қатысушы педагогтарды тәуелсіз төрешілер бағалайды.**

**Әуелі олар үздік 50 мұғалімді анықтайды. Кейін байқау финалына жеткен ең үздік 10 педагогты іріктейді. Нәтижесінде финалистер Алматыда өтетін марапаттау рәсіміне шақыртылып, «Қазақстан мұғалімі» сыйлығына және «Әлем мұғалімі» премиясы жолдамасына ие болады. «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының жеңімпазына 10 мың АҚШ доллары беріледі.**

**Қалған 9 финалиске бағалы сый тарту етіледі.**

**Ағымдағы жылы тәжірибе беру, болашақ педагогтың мамандығына деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, студенттің тәлімгермен ынтымақтастығын нығайту, мұғалімге қажетті құзіреттіліктерді беру мақсатында жаңа — «Болашақ мұғалімі» номинациясы кірiктiрiлген болатын. Жоба аясында 10 ЖОО-нан педагог кадрларды дайындайтын бағытта білім алатын жоғары курстар арасынан 10 үздік студентті таңдау міндеттелді.**

**Бұл номинацияға 100 студент қатысты. Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университеті байқауға 10 үздік студентін ұсынды. Үздіктердің үздігі ретінде «Химия» мамандығының 4-курс студенті Айгерим Алымова «Болашақ мұғалімі» аталымының жеңімпазы атанды.**

**Болашақтың мұғалімінің жүрек сырын тыңдаған журналист Гүлнара Караша.**

Адам өмірде мамандық таңдаудан қателеспеу керек дейді ғой, бұл — шындық. Жұмысқа аңсап барып, қуанып қайту, мамандығын сүйген жанның ісі. Менің химия пәні мұғалімі мамандығын таңдауыма мектептегі ұстазым Гүлзия Өмірзаққызы Мажитова түрткі болды. Ол түрлі әдістер мен тәжірибелерді кеңінен қолдана отырып, химия сабағын қызықты әрі жеңіл түсіндіретін. Университет қабырғасында педагогтық имиджімнің қалыптасуында Базархан Сағынайқызы Иманғалиеваның үлесі зор, "Айгерим, сен қазірдің өзінде дайын мұғалімсің" деген сөзі мені қатты шабыттандырады. Осы ұстаздарымның жолын жалғап, мен де мұғалімдік мамандықты сүйетін шәкірт тәрбиелесем деймін.

Топ студент Ақтөбе қаласында 8-ші орта мектепте педагогикалық практикадан өтіп жатырмыз. Бүгінгі заман оқушылары жаңашылдыққа құмар, оларды баурап алуға дәстүрлі педәдіс жүрмейді. Тағы бір сезінгенім, педпрактика кезінде шынайы мұғаліммін деп ойлап, соған байланысты қарекет ету керек сияқты, сонда оқушылар уақытша адам демей, тез бауыр басады. Өзім солай істеймін. Оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, жеке қызығушылығы, бәріне олардың тұрақты ұстазы ролінде қараймын. Болашақтың мұғалімі тәуекелшіл болуы керек. Рас, басында тәжірибе аздықтан кедергі болуы мүмкін. Бірақ білімділік, сенімділік, педагогикалық әдістерді шебер пайдалану, бала психологиясының нәзік тұстарын байқай алу — жақсы жәрдемші. Мен алдымдағы оқушының қандай күйде екенін жанарынан ұғамын. Оқушыны икемділік пен ұтқырлыққа, сан қырлы шығармашылық қабілетке, өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі ұйымдастыруға, өзгелермен дұрыс қарым-қатынас жасауға,тез шешім қабылдай алуға баулуда көмегімді аямаймын.

Болашақтың мұғалімі бәсекеге қабілетті, көшбасшылық қабілетке ие, заманауи технологияны меңгерген, рухани дүниесі терең адам болуы керек.

ҚР Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев "Біз білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Жаһандану дәуірі бәсекеге қабілетті болуды көздейді",— деді ғой. Мен сияқты болашақтың мұғалімі алдында бүгінгі қоғам талабына сай, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар, Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр.

Бұл байқау сәуір айында басталды. Білім беру процесін ұйымдастыру департаментіне қарасты Оқу әдістемелік жұмыстар мен қашықтықтан білім беру орталығының ұйымдастыруымен ZOOM платформасында жобаға қатысу талаптары, анықталған он студентпен, тәлімгеріміз Баян Теміржанқызы Базарғалиева және жетекшіміз Райбек Телжанұлы Сағадатовпен таныстым. Студенттер өзін таныстырып жатыр, мен экранға қарап отырып, осы байқаудың жеңімпазы мен болуым керек деген алдыма мақсат қойдым. Жоба барысында "Шебер мұғалім — табысты сабақ", "Жас педагог имиджі" тақырыбында вебинарлар өткізілді, бірлесіп жұмыс істеуге, өз ойымды еркін айта білуге тәлімгерім мен жетекшімнің қосқан үлесі зор.

Жалпы "Болашақ мұғалім" жобасы 6 кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде "академиялық үлгерім, ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылыми жобалар" қаралды. Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерім туралы баяндадым. Мен "ҚР 100 үздік дарынды студент" атағының, "ТМД-үздік студент" төсбелгісінің иегерімін, сонымен қатар республикалық және халықаралық ғылыми жобалардың лауреатымын. Бұл жетістіктер оңай келген жоқ. Көп еңбектендім. Әр сағатымды жоспарладым. Жетістікке мотивацияны өзінен іздеген адам ұтады.

Байқаудың екінші кезеңі Көшбасшылық қабілетті дәлелдеу болды. Ол үшін өз тобымда түрлі тақырыпта вебинар, семинар сабақтарын өткіздім.

Үшінші "Қоғамдастыққа әсері, өзгерістер" кезеңі еді. Бұл кезеңде оқушыларға түсіндірме жұмыстар жасадым. Ақтөбе облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен 10 күндік аясында химия пәнінен "Қашықтан оқыту жағдайындағы медиа технологиялар", "Қашықтан оқыту мен дәстүрлі оқыту жүйелерінің айырмашылығы" тақырыбында оқушылар үшін семинар өткіздім. Семинарға Ақтөбе қаласы мектептерінің 30 оқушысы қатысты.

Төртінші кезеңде "Кедергілерді жеңе білу" сынынан өттім. Өзімді жаңа қырымнан тани білген кезеңім осы болды. Мен "Әрбір сәтсіздік — жеңіске жасалаған қадам", "Мақсат — жетістік кепілі", "Күлкі — кедергіні жеңеді", "Жетістікке жетуге болатын 7 кеңес", "Жетістікке жетуге болатын 5 кеңес", "Кедергіні жеңу — мақсатқа жету", "Жетістікке жету жолындағы ұстанымдар", "Кедергілер және оларды жеңу" тақырыптары аясында 8 үздік студентпен сұқбат жүргіздім. Сұқбат берушілердің қарекетін есепке ала отырып, кедергілерден өту жолын баяндадым. Қызық болар, айта кетейін. Олар — нақты мақсат, өз қабілетіңе сенім, қорықпау,

күмәнданбау, бағыт айқындау, сосын әрине мақсатына арнайы уақыт бөлу.

Бесінші кезең "Шығармашылық пен жаңашылдық" деп аталды. Бұл кезеңде химия пәнінің қызық әрі оңай екенін жеткізуім керек болды. Ютуб каналынан "Химия сабағындағы шығармашылық жұмыстар" тақырыбына вебинар өткіздім. Онда шығармашылық жұмысты заманауи технологияларды пайдалана отырып жүргізу тәсілдерін көрсеттім. Оқушылар арасында интеллектуалды ойын жүргіздім. Әр сыныпқа арналған химия сабағын түсіндіретін 12 видеосабақ жүктедім.

"Қызықты химия" атауымен зертханалық тәжірибелер мен ғылыми жобаларға арналған 10 видеоролик дайындадым. "Көңілді химия алаңы" топтық ойынын өткіздім. Мақсатым топтық бірлестік қалыптастыра отырып, химия пәніне шолу жасау. "Рика-ТВ", "Aqtóbe" телеарналарына "Болашақ мұғалім" номинациясы туралы, шарттары, перспективасы жайлы сұқбат бердім.

Соңғы кезең "Әлем азаматын қалыптастыру" деп аталды. Әлем азаматын қалыптастыруда тәрбие мәселесіне көңіл аудардым. Ол үшін ұстаздың тәрбиесі шәкіртіне үлгі болуы керек екеніне басымдық бердім. Тіл мәселесін қозғадым. Қазіргі таңда халықаралық тілдерді меңгеру маңызды. Бұл әлемдік өркениеттен кенже қалмаудың алғы шарты.

Сонымен байқау жеңімпазы атандым. Жеңісімнің себебі ұстаздарым тарапынан берілген дұрыс бағыт пен байқаудың әр кезеңін уақытында, сәтті орындауым болар. Осы орайда менімен бірге төрт айға жуық байқау талаптарын орындаған қатысушыларды да жеңімпаз деп білемін. Себебі біз жоба барысында цифрлық технология мүмкіндіктерін кеңінен қолдануды, мұғалім мамандығының қыр-сырын, оған қажетті құзыреттіліктерін үйрендік.

Айтпақшы, байқау қорытындысы бойынша марапаттау сәтінен соң «Қазақстан мұғалімі» — «National Teacher Prize Kazakhstan» ұлттық сыйлығының жеңімпазы Мират Қорғанбекұлы Оспановпен таныстым. Ол кісі мұғалімдікке деген шабытымды кернете түсті. Қазақстанның атынан "Global Teacher Prize" әлемдік жобаға жолдама алған жас ұстаз кәсібі, алғашқы өткізген сабағынан соңғы өсу жолдары, тілдер меңгерудің қажеттілігі, ылғи алға жылжу, іздену керектігін айтып, бағдар берді.

Оған қарап болашақтың мұғалімі қандай екенін түсіндім.

☑ **Main news**

## АҚТӨБЕ МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНЕ 50 ЖЫЛ

Ахмет Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің құрылғанына 50 жыл толды. Өңірлік маңызы зор бұл оқиғаға орай Өнер орталығында мерейтойлық концерт өтті. Салтанатты шараға Ахмет Жұбановтың қызы Ажар Жұбанова қатысты. Облыс әкімі Ондасын Оразалин колледжге фортепиано аспабын сыйлады. Ақтөбе облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымы білім ордасына 500 000 теңге сертификатын табыстады. Облыстық білім басқармасының басшысы Жолдас Батырхан білімді, өнерлі шәкірттерді тәрбиелеу ісіне еңбек сіңірген колледж оқытушыларын «Құрмет грамоталарымен» марапаттады. «Ақтөбе музыкалық колледж түлектері әлемдік және ұлттық мәдениет пен өнердің дамуына өз үлестерін қосып жүр, өзін мойындатқан оқу орны. Өнердің дарабоз тұлғаларынан жасақталған ұстаздардан тәлім алған оқу орнының шәкірттері республикалық және халықаралық өнер байқауларында жүлдері орындар иеленіп облыстың мәртебесін асқақтатып жүр.

Іргелі өнер шаңырағына айналған бұл оқу орнынан қанаттанып ұшқан мамандар еліміздің түкпір-түкпіріндегі колледждерде, өнер институттарында, мәдениет ошақтарында жемісті еңбек етуде», — деді Ж.Батырхан.

Алғаш музыкалық білім алған қасиетті шаңырағын әлем жұлдызы Димаш Құдайберген online арқылы құттықтады. «Өнерге сара жол салған ұстаздарым аман болсын! Марат Олжабайұлы Әйтімов ұстазыммен әлі күнге дейін кеңесіп, ақылын алып тұрамын. Дина Ниязова ұстазымды қатты құрметтеймін! Ақтөбе музыкалық колледжі дами берсін! Ұрпақтан ұрпаққа өнер көшін жалғастырып, жасай берсін!», — деген тілегін жеткізді Димаш.






## АКТЮБИНСКОМУ МУЗЫКАЛЬНОМУ КОЛЛЕДЖУ 50 ЛЕТ

Актюбинскому музыкальному колледжу имени Ахмета Жубанова 50 лет. В честь этого события в Центре искусств прошел юбилейный концерт. В церемонии приняла участие дочь Ахмета Жубанова Ажар Жубанова. Аким области Ондасын Оразалин подарил колледжу фортепиано. Актюбинский областной профсоюз работников образования и науки передал учебному заведению сертификат на сумму 500 000 тенге. Руководитель областного управления образования Жолдас Батырхан вручил "Почетные грамоты" преподавателям колледжа, внесящим свой вклад в воспитание образованных и талантливых студентов.

"Выпускники Актюбинского музыкального колледжа нашли признание мировой и национальной культуры и искусства. Ученики учебного заведения, подготовленные мастерами искусств, завоевывают призовые места на республиканских и международных конкурсах, прославляя статус региона. Выпускники колледжа, ставшего родиной фундаментального искусства, успешно работают в колледжах, институтах искусств и культурных центрах по всей стране», - сказал Ж.Батырхан.

Мировая звезда Димаш Кудайберген поздравил свое первое учебное заведение, где получил музыкальное образование, online.

"Желаю преподавателям, вносящим большой вклад в искусство, здоровья! Я до сих пор общаюсь и советуюсь со своим наставником Айтимовым Маратом Олжабаевичем. Очень уважаю своего учителя Дину Ниязову. Пусть развивается Актюбинский музыкальный колледж! Пусть священное искусство продолжается из поколения в поколение!" - сказал Димаш.

## AKTOBE COLLEGE OF MUSIC 50 YEARS OLD

Aktobe Music College named after Akhmet Zhubanov is 50 years old. In honor of this event, an anniversary concert was held at the Arts Center. The ceremony was attended by the daughter of Akhmet Zhubanov Azhar Zhubanova. Akim of the region Ondasyn Orazalin presented a piano to the college. The Aktobe regional trade union of workers of education and science handed over to the educational institution a certificate in the amount of 500,000 tenge. The head of the regional education department, Zholdas Batyrkhan, presented "Certificates of honor" to the college teachers who make their contribution to the education of educated and talented students.

"Graduates of the Aktobe College of Music have found recognition of world and national culture and art. Students of the educational institution, trained by masters of arts, win prizes in republican and international competitions, glorifying the status of the region. Graduates of the college, which became the birthplace of fundamental art, successfully work in colleges, institutes of arts and cultural centers throughout the country, "said Zh. Batyrkhan.

World star Dimash Kudaibergen congratulated his first educational institution, where he received his musical education, online. "I wish the teachers who make a great contribution to art health! I still talk and consult with my mentor Marat Olzhabayuly Aitimov. I respect my teacher Dina Niyazova very much. Let the Aktobe College of Music develop! Let the sacred art continue from generation to generation!" - said Dimash.

☑ Primary trade Union organization year



# КӘСІПОДАҚ ҚУАНТТЫ

**Ел Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орайластырып, ҚР Кәсіподақтар федерациясының Бас кеңесінің Қаулысымен биылғы жыл «Бастауыш кәсіподақ ұйымы жылы» деп жарияланған болатын. Ондағы мақсат кәсіподақтың негізі саналатын бастауыш кәсіподақ ұйымдарының мәртебесін айқындап, маңызын арттыруға ұйытқы болу. Бұл туралы әріптестерін Еңбек күнімен құттықтау барысында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Айгүл Мұқашева айтып өтті. «Бұл мереке Елбасының 2013 жылғы 22-қарашадағы Жарлығы бойынша Қазақстанда осымен 8-ші рет атап өтіліп отыр.**

**Соңғы жылдары елімізде еңбек адамдарын әлеуметтік қорғаудың деңгейі көтеріліп, еңбек қатынастары туралы ұлттық заңдарымыз жетілдірілуде, кәсіподақтардың орны нығаюда. Еңбек күні, Ұстаздардың кәсіби мерекесі, Кәсіподақтар күні қарсаңында киелі Түркістан жерінде Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы бойынша «Үздік бастауыш ұйымы» анықталып, сала қызметкерлері марапатталды. Салалық кәсіподақ білім қызметкерлерінің лайықты, адал және кәсіби еңбегін әрдайым жоғары бағалайды. Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда қол жеткізіп жатқан табыстарымыз аз емес. Жарқын бастамалар жалғасын тауып, сәттілік серік болсын», — деген еді төрайым.**

**Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінің Бастауыш кәсіподақ ұйымына бір мыңнан астам адам мүше. Соңғы жылдарда Бастауыш кәсіподақ ұйымының университеттің әлеуметтік, мәдени, рухани өміріне араласуы белсенді. Себебін қызметіне жауапкершілігін терең түсінетін басшының тағайындалуымен байланыстыруға болады. Ольга Қашымқызы Сұлтанғалиева еңбегіне адал, қарапайым, ұжым мүшелеріне құрметті. Әңгімеміз кәсіподақтың қуантатын жағдайлары жайында.**

**Сөйлескен Гүлнара Қараша.**

**—Биылғы еңбек демалысында ұжым мүшелерінің тынығып, бой сергітіп, жаңа оқу жылы алдында күш-қуат жинағаны керемет. Негізі сіз жетекшілік етіп келе жатқан соңғы үш жылда бұл игі үдерістің жүйелі өтіп жатқанына куәміз.**

— Кәсіподақ ұйымы еңбек адамына әрдайым тіреу болуы керек. Өткен оқу жылында, университеттің 85 жылдық мерейтойына байланысты, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы қомақты қаржы бөліп, сый жасаған еді. Оның төрайымы Мұқашева Айгүл Мақсатқызы университеттің мақтан тұтар түлегі. Осы қаржының бір бөлігі сауықтыру орындарына 20 тегін жолдамаға жұмсалды. Арнайы іріктелген тізімге профессор-оқытушы құрам мен қызметкерлер тарапынан лайықты жандар кірді. Сауықтыруға жолдама беру десе оны тек қарт адамдар алады деген түсінік қалыптасқан. Тегін жолдама алушылар арасында жастар да болды. Жолдама 100 пайыздық жеңілдікпен ұсынылды. Кәсіподақ қуантқан жандар алғыстарын айтып жатыр. Әсіресе үлкен буын таңданыстарын жасырмады. Іштерінде 30 жылдан астам еңбек етіп келе жатқандары тегін жолдаманы бірінші рет алғандарын айтуда. Олар әлеуметтік желілердегі жеке парақшаларында демалған жерлерден суреттерін салып, әсерлерімен бөлісті. Солардың бірі туралы айтсам, «Қазақ филологиясы» кафедрасының аға оқытушысы, Филология магистрі Әлия Ұлықпанованы көпшілік таниды. Оның университеттің кадр даярлау ісіне сіңіріп жатқан еңбегі орасан. Ылғи ізденіс үстінде жүретін, жастарға білім беріп қана қоймай, олардың шынайы қамқоршысы болып саналатын, жан дүниесі таза, ерекше ұстаз. Ол Жамбыл облысында орналасқан «Мерке» санаторийінде демалды. Сондай-ақ Zhubanov University ғылыми кітапханасының директоры Лия Мазылбекова Қостанай облысының інжуі есептелетін «Сосновый бор» қарағайлы орман ішіндегі тамаша санаторийге жолдамамен барып қайтты. Өз ісінің кәсіби маманы, университетте ұзақ жылдар қызмет етіп келе жатқан, оқу орнының дамуына үлесі сүбелі қызметкер. Міне, осындай бір топ лайықты жандар биылғы жазғы демалыстарынан ұмытылмас әсер алды деп ойлаймын.

Былтырғы оқу жылында, сондай-ақ Ұстаздар күні мерекесі университеттің 85 жылдығымен тұспа тұс келіп, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Серікова Раушан Серікқызы профессор-оқытушылар құрамынан 85 адамға 50 мың теңгенің сертификатын сыйлады. Раушан Серікқызы да Zhubanov University түлегі.

Бұдан өзге профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерге шипажайларға 30-50-100 пайыз аралығында жеңілдіктер бұрыннан қарастырылған. Мысалы, Ақтөбедегі Салалық кәсіподақ қолдауымен 25 оқытушы «Зәру» шипажайына барып, денсаулықтарын нығайтып келді.

Сонымен қатар бастауыш кәсіподақ ұйымы атаулы және кәсіби мерекелерді ұйымдастыруға атсалысып, еңбек озаттары мен әртүрлі жарыс жеңімпаздарын марапаттап, сый жасап отырады.

**— Бастауыш кәсіподақ ұйымы тарапынан жасалатын сый-құрмет, жаңылыспасам, тек оның мүшесіне ғана көрсетіледі. Осы ретте ұйымға кіру қағидасы және тура айтқанда одан пайдасы туралы жеке айтып берсеңіз.**

— Кәсіподақ ұйымдары азаматтардың еңбек қатынастарында, жұмыспен қамтылуға, жұмысқа қабылдауға және жұмыстан босатуға, жұмыс уақыты мен режиміне, жалақының мөлшеріне, тағы басқа да туындаған мәселелерін шешуде елеулі рөл атқарады. Егеменді Қазақстан Республикасында кәсіподақтардың құқықтық жағдайы Конституциямен, ҚР Еңбек кодексімен, халықтың жұмыспен қамтылуы, халықтың зейнетақымен қамсыздандырылуы туралы заңдармен, басқа да заңдармен айқындалады.

Кәсіподақтар өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасы және халықаралық актілер мен келісімдерде бекітілген өзге де заң нормалары шеңберінде, өздері қабылдаған жарғыларға сәйкес, мемлекеттік органдар мен саяси қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз жағдайда жүзеге асырады. Олармен өзара қарым-қатынастарын әріптестік пен құрметтеушілік, сұқбаттастық пен ынтымақтастық негізінде құрады. Кәсіподақ өз құрамындағы мүшелердің құқықтары мен мүдделерін, қажет болған жағдайда қорғауға жәрдемдеседі. Кәсіподақ ұйымы мен әлеуметтік серіктес арасында ұжымдық шарттар мен тиісті деңгейдегі келісімдер жасалады, олардың арасындағы жекелей және ұжымдық еңбек дауларын шешуге көмектеседі. Еңбек дауына байланысты кәсіподақ ұйымына келіп өтініш білдіргендер қатары болды және мәселе кәсіподақ ұйымы көмегімен оң шешімін тапты.

Кәсіподақ ұйымы ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, жұмыс орнындағы еңбек жағдайын жақсарту мәселесін де назарда ұстайды. Еңбек келісімшарттары жобасын дайындауға қатысу және оның орындалуын бақылау, еңбекті қорғау талаптарының жүзеге асырылуы мен жұмыс орнында еңбекке жағдай жасалу процестерін бірлесе тексеру бір жағынан осы бағыттағы жұмыс сапасын жақсартуға септігін тигізсе, екінші жағынан бірлескен іс-қимыл еңбек дау-жанжалдардың алдын алуға ықпал етіп отыр.

Университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымы өткізілетін түрлі деңгейдегі шаралардың демеушісі десем де артық болмас, бұл баршаға мәлім. Атап айтсақ, атаулы мерекелік күндерге байланысты өткізілетін мерекелік іс-шаралар, қысқы спорттық спартакиада, түрлі деңгейдегі оқу-әдістемелік, тәрбиелік іс-шаралар жұмыстарын қолдап отырады. Кәсіподақ ұйымы мүшесі болудың еш зияндығы жоқ, керісінше ұйымдастырылған іс-шаралар барысында кәсіподақ мүшесі болмағандықтан марапатқа, сыйақыға ілікпей қалып жатқандар қатары байқалып қалады, өйткені кәсіподақ ұйымы өз қатарындағы кәсіподақ мүшелерін ғана қамтамасыз етіп отырады.

Кәсіподақ ұйымы мүшесі қатарына қабылдану үшін университет ректоры және кәсіподақ ұйымына өтініш жазылады. Кәсіподақ ұйымы мүшесі қатарына қабылданған күннен бастап әлеуметтік құқығы қорғалады, тегін құқықтық кеңес (облыстық кәсіподақ ұйымы заңгерінен) ала алады, кәсіподақ ұйымы ұжымдық келісімшартқа сәйкес түрлі деңгейдегі көмек қолын және кәсіподақ ұйымына қатысты марапаттарға ұсына алады.

**— Сіздің өзіңіздің жиі қайырымдылық жасайтыныңыздан хабардармыз. Ойлап отырсам, жалпы қайырымдылық жасау ісі елімізде жүйеленбеген. Қайырымдылық қорлары көп. Олар бір реттік, маусымдық қайырымдар жасау үшін хабарламалар жасап, көмек жинайды. Бірақ, қайырым жасағысы келген жан дәл сол уақытта қайда барарын, кімге хабарласарын білмейді. Сіз қамқорлықты кімге жасайсыз және мұқтаж адамдарды қалай табасыз?**

— Адамзатқа тән асыл қасиеттердің бірі қайырымдылықты ата-анамыздан үйрендік. Егер мен жайлы жылы пікір айтылып жатса тәрбиелеген ата-анамның еңбегінің нәтижесі деп білемін. Өзім де анамын. Қайырымдылық пен адамгершілікке ұрпақты жастайынан баулыған дұрыс деп есептеймін. Сөйтіп ол әрі жалғаса береді. Жасаған жақсылығымды жарнамалағым келмейді. Қайыр іс жасау үшін оған мұқтаж жандар көп. Айналамнан табамын. Көбіне бір отбасына жүйелі жасағанды қалаймын. Реті келіп жатқанда алдымен өзім үйренген, әлеуметтік жағдайы таныс жандарға көмек беруге тырысамын.

# Күтпеген қуаныш

**Өмірде жолы ерекше бір жеңіл адамдар болады. Ондай адамдар тіпті лотореядан да жиі ұтысқа ие болып жатуы мүмкін. Өз басым мұндай мүмкіндіктерге ешқашан жолығып көрген емеспін. Ілуде қандай да бір табысқа жетіп жатсам, барлығы да тер төгіп, еңбек етумен ғана келеді. Сондықтан да болар, күтпеген жерден келетін «жеңілдіктерге» сенген де, күткен де емеспін.**

Бірақ биылғы жылы жайдары жазда өмір туралы қатып қалған осындай қағидамға «қайшы келген» бір қуанышты жайт болды. Үй-ішінің күнделікті күйбең тіршілігімен кезекті еңбек демалысын бастаған едім. Ертеңгісін университет кәсіподақ ұйымының төрайымы Ольга Қашымқызы Сұлтанғалиева маған «Мерке» шипажайына жолдама берілетін айтып, телефон соққанда, «Расымен бе?» деп таң-тамаша қала отырып, алғысымды айттым. Шындығы

Тағы бір таңғалғаным, демалушылардың басым көпшілігі еліміздің түкпір-түкпірінен келген ұстаздар қауымы екен. Жыл бойы бойындағы білім нәрін оқушыларына беріп, тер төгіп еңбек еткен мұғалімдерге жолдаманы кәсіподақ тегін ұсынып, енді біреулеріне 50% жеңілдікпен береді. Биылғы жылдың өзінде Ақтөбе облысынан тегін жолдаманы елу ұстаздар отбасы алып, еңбек демалысын шипажайда өткізіп жүргенін көргенімде таңданысымда шек болмады.



керек, осы жасқа дейін еш шипажайда демалып көрмеген екенмін. Қуанып, әрі таңданып қабылдаған осы хабардың жетегімен көп ұзамай республикамыздағы ең керемет демалыс орындарының бірі, «Мерке» шипажайына аттандым.

Бұл жердің табиғаты аса көркем екен! Шипажайдың тұрған жерінің өзі керемет! Тау бөктеріне орналасқан емдеу орталығын жап-жасыл боп, шоғырлана өскен қарағай-қайың, мөлдірлігіне қайран қалғызатын, жоғарыдан құлап аққан Мерκі өзені ерекшелендіріп тұр. Меркіліктердің мақтанына айналған «Радон» емдік суының қадір-қасиетін көрген демалушылар бұл шипажайға жыл аралатып соғып отыруды дәстүрге айналдырған екен. Сан түрлі емдік процедураларды қабылдағандар бір сәтке әлемге үрей берген пандемияның тақсіретін ұмытып, шын мәнінде жақсы демалуға мүмкіндік алғанын есте сақтадық. Соңғы жылдары көпшіліктің қолы жете бермейтін саумал мен ысталған қымызбен сусындауға да мүмкіндік молынан.

Осы сәт ойыма ой түсіп, осындай мүмкіндікке тек мектеп мұғалімдері ғана емес, өзіміздің университетіміздің профессор-оқытушылары да көбірек ие болса ғой деген арман ұялады.

Тегін жолдамамен он күн бойы ем ала отырып, жақсы демалып, жаңа оқу жылын ерекше бір серпінмен бастадым. Осы орайда, маған күтпеген қуаныш сыйлаған Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы А.Мұқашеваға, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Серіковаға, университет Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы О.Сұлтанғалиеваға шексіз ризашылығымды білдіремін.

**Әлия Ұлықпанова**
**Zhubanov University**
**«Қазақ әдебиеті» кафедрасының**
**аға оқытушысы**
**Гуманитарлық ғылымдар магистрі**

Басты жаңалықтар | Главные новости | Main news

## ЖАҢА РЕКТОРҒА ТАБЫС ТІЛЕДІ

Жаңа оқу жылы басында жаңа ректор тағайындалып, жаңа белеске бет алған Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетіне жұмыс сапарымен келген Польша Республикасындағы Быдгощ Экономика университетінің Спорт және Дене шынықтыру институтының директоры, профессор Александр Скалий Лаура Қарабасованы жоғары лауазымды қызметімен арнайы құттықтап, алдағы жоспар-мақсаттарына табыс тіледі. Профессор Скалий сондай-ақ ресми өкілі ретінде поляк университеті канцлері Филипп Сикораның да Құттықтау хатын жеткізді.

Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университеті Быдгощ Экономика университетімен 2013-жылдан бері ынтымақтастық қатынаста. Осы уақыт аралығында бұл университетте академиялық ұтқырлық және қосдипломды білім беру бағдарламаларымен 125 студент оқып келді. Одан басқа Скалий өңірлік маңызы бар бірнеше жобаларды жүзеге асыруға тікелей атсалысты. Соның ең ауқымдысы, республика бойынша әзірге теңдесі жоқ, жылдың басында ашылған «Қауіпсіздікті сақтау және құтқаруға үйрету поляк-қазақ аймақтық орталығы». Zhubanov University базасында орналасқан бұл орталықта дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету әдістерін 500 ақтөбелікке Скалий бастаған топ үйретіп, сертификат табыстап та үлгерді.

Осы шетел университетімен ынтымақтастықтың шыңы ретінде өткен оқу жылы 6 студенттің қос диплом алғанын айтуға болады.

Быдгощ Экономика университетінде «Qazaq eli» мәдени орталығы, ал өңірлік Zhubanov University университетінде «Поляк тілі мен мәдениеті» орталығы жұмыс жасайды. Zhubanov University университеті соңғы бес жылда Польшаның тағы төрт жоғары оқу орнымен байланыс орнатты.

Жалпы Zhubanov University университеті әлемнің 22 елінің 125 жоғары оқу орнымен академиялық байланыс жүргізеді.



## ПОЖЕЛАЛИ УСПЕХОВ НОВОМУ РЕКТОРУ

Директор Института спорта и физического воспитания Быдгощского экономического университета Республики Польша, профессор Александр Скалий посетил с рабочим визитом Zhubanov University, где в начале нового учебного года был назначен новый ректор. Он поздравил Лауру Карабасову с ее высоким положением и пожелал успехов в будущих начинаниях. Профессор Скалий также передал поздравительное письмо от канцлера польского университета Филиппа Сикоры.

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова сотрудничает с Экономическим университетом г.Быгдощ с 2013 года. За это время в университете прошли обучение 125 студентов по программам академической мобильностью и двудипломного образования. Кроме того, Скалий принимал непосредственное участие в реализации нескольких проектов регионального значения. Самый крупный из них - Польско-Казахстанский региональный центр подготовки специалистов первой помощи, который был открыт в начале года и не имеет аналогов в стране. В центре, расположенном на базе Zhubanov University, уже обучились 500 жителей г. Актобе и получили сертификаты по методам оказания первой помощи.

Кульминацией сотрудничества с зарубежным университетом стало то, что в прошлом году 6 студентов получили дипломы в рамках программы двудипломного образования. В Быдгощском экономическом университете действует культурный центр «Қазақ елі», а в региональном университете имени К.Жубанова - центр «Польский язык и культура». Zhubanov University установил контакты с четырьмя другими польскими университетами за последние пять лет. В целом Zhubanov University имеет академические связи со 125 университетами 22 стран мира.

## WISHED SUCCESS TO THE NEW RECTOR

Director of the Institute of Sports and Physical Education of the Bydgoszcz University of Economics of the Republic of Poland, Professor Alexander Skali paid a working visit to Zhubanov University, where a new rector was appointed at the beginning of the new academic year. He congratulated Laura Karabasova on her high position and wished her every success in her future endeavors. Professor Skali also conveyed a letter of congratulations from polish university Chancellor Philip Sikora. Aktobe Regional University named after K.Zhubanov has been cooperating with the Economic University of Bygdoszcz since 2013.

During this time, 125 students were trained at the university under the programs of academic mobility and double-diploma education. In addition, Scaly was directly involved in the implementation of several projects of regional importance. The largest of them is the Polish-Kazakhstani Regional Center for the Training of First Aid Specialists, which was opened at the beginning of the year and has no analogues in the country. In the center, located on the basis of Zhubanov University, 500 residents of Aktobe have already studied and received certificates in first aid methods.

The culmination of cooperation with a foreign university was the fact that last year 6 students received their diplomas in the framework of the double-degree program. At the Bydgoszcz University of Economics there is a cultural center "Kazakh Eli", and at the regional university named after K. Zhubanov - a center "Polish language and culture". Zhubanov University has established contacts with four other Polish universities over the past five years. In general, Zhubanov University has academic ties with 125 universities in 22 countries.

## ИТАЛЬЯН ТІЛІ КУРСЫ АШЫЛДЫ

Zhubanov University университетінде итальян тілі курсы ашылды. Бұл жақында университетке келіп кеткен Кассино және Оңтүстік Лацио (Италия) университетінің профессоры Алессандро Фигустың сапарынан соң жүзеге асқан іс. Сондай-ақ шетелдік ғалым Италияның жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу мүмкіндіктері жайында да ақпаратпен таныстырды. Ол үшін ағылшын тілін жетік білу абзал. Сонымен қатар қос дипломды білім беру бағдарламасы жайлы да екі тараптық мәселелер талқыланды. Осылайша алдағы күнде Zhubanov University оқытушылары итальяндық әріптестермен білім беру гранттық жобаларын дайындауға қатыспақ, Италияның жоғары оқу орындарымен әріптестікте іске асырылатын бірлескен білім беру бағдарламаларының аясын кеңейтпек.

## ОТКРЫЛИСЬ КУРСЫ ИТАЛЬЯНСКОГО ЯЗЫКА

В Zhubanov University открыты курсы итальянского языка. Мероприятие прошло в рамках визита в ВУЗ профессора университета Кассино и Южного Лацио (Италия) Алессандро Фигуса. Зарубежный ученый ознакомил жубановцев с возможностями обучения в итальянских ВУЗах по программе академической мобильности. Для этого необходимо хорошо владеть английским языком. Двусторонние вопросы обсуждались также по программе двудипломного образования. Таким образом, в будущем преподаватели Zhubanov University будут участвовать в подготовке проектов образовательных грантов с итальянскими партнерами, расширять рамки совместных образовательных программ, реализуемых в партнерстве с итальянскими университетами.

## ITALIAN LANGUAGE COURSES OPENED

Zhubanov University offers Italian language courses. The event was held within the framework of the visit to the university by the professor of the University of Cassino and South Lazio (Italy) Alessandro Figus. The foreign scientist acquainted the Zhubanovites with the possibilities of studying in Italian universities under the program of academic mobility. This requires a good command of English. Bilateral issues were also discussed under the double-degree education program. Thus, in the future, Zhubanov University teachers will participate in the preparation of educational grant projects with Italian partners, expand the scope of joint educational programs implemented in partnership with Italian universities.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## ЖАСТАР БОЛАШАҒЫНА ЗОР МОТИВАЦИЯ БЕРГЕН КЕЗДЕСУ

19-қыркүйектегі сенбілік демалысын Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінің ректоры Лаура Қарабасова жастармен кездесуге арнады. Кездесуге университеттегі жастар ұйымдарының көшбасшылары келді.

Ректормен еркін форматтағы кездесу жастардың көңілінен шықты. Олар кездесуден болашақтарына зор мотивация алды.

"Лаура Чапайқызы әңгіме барысында өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті, шетелде білім алған аралықтағы қызықты оқиғаларын айтып берді. Еуропа елдерінде қалыптасқан мәдениеттің даму процесі жайлы әңгімеледі. Мотивацияға толы сөздерімен жарқын келешекке ұмтылдыратын жігер берді. Білім алушылардың әлеуметтік, мәдени және шығармашылық саласын дамытудағы мәселелерге қатысты сұрақтарымызға нақты жауап алдық. Ұсыныстарымызға да лезжауап берілді", — дейді жастар.

ЖОО басшысы Лаура Қарабасованың да кездесуден әсері мол. Ол талантты да талапты жастардың ашық, креативті ойлары үлкен үміт сыйлағанын, кездесудің нәтижелі болғанын, оның барысында жастардың кәсіпкерлік, қайырымдылық және әлеуметтік жобалар жөніндегі жоспарларына берілетін алдағы қолдау бағыттарының анықталғанын айтады.

«Болон декларациясында студенттерді жоғары оқу орнын басқару процесіндегі толыққанды серіктес ретінде қарастыру қажеттілігі белгіленді.

Шын мәнінде, студенттер басшылық пен университет қауымдастығы арасындағы сенім мен түсіністікті арттыратын ресурс. Студент кезімде өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшысы ретінде университетті басқару ісіне белсенді араласқан болатынмын. Демалыс күнін пайдаланып, университетіміздегі студенттік парламент мүшелерімен еркін әрі ашық жүздесу форматында кездесу өткіздім. Z ұрпақпен университетіміздің алдағы даму векторлары, білім беру саласындағы қазіргі парадигмалар, академиялық мәдениет және басқару форматы жөнінде сөйлесіп, пікірлері мен ұсыныстарын тыңдадым.

Белсенді жастар алдағы уақытта университетіміздің имиджі мен тартымдылығын одан әрі арттыру жөнінде ойларымен және қосатын үлестерімен бөлісті. Студенттік кәсіпкерлік, қайырымдылық және әлеуметтік жобалар жөніндегі жоспарларға берілетін қолдау бағыттарын анықтадық.

Талантты да талапты жастардың ашық, креативті ойлары үлкен үміт сыйлайды», — деді Л.Қарабасова.

## ВСТРЕЧА СТАЛА ОТЛИЧНЫМ СТИМУЛОМ ДЛЯ БУДУЩЕГО МОЛОДЕЖИ

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова посвятила выходные встрече с молодежью. На встрече присутствовали руководители молодежных организаций университета.

Молодым людям понравилось общение с ректором в свободном формате. "В ходе беседы Лаура Чапаевна поделилась своим жизненным опытом и рассказала интересные истории об учебе за рубежом. Она рассказала о процессе развития культуры в странах Европы. Ее мотивирующие слова вдохновили на светлое будущее. Мы получили четкие ответы на свои вопросы о развитии социальной, культурной и творческой сфер студентов. На наши предложения также был дан ответ", - поделились студенты.

Встреча произвела большое впечатление на руководителя вуза Лауры Карабасовой. Она сказал, что открытые и творческие идеи талантливой молодежи вселили большие надежды, беседа прошла плодотворно. В ходе встречи были определены направления дальнейшей поддержки молодежных планов в сферах предпринимательства, благотворительности и социальных проектов.

«Болонская декларация подчеркивает необходимость рассматривать студентов как полноправных партнеров в управлении университетом. Фактически, студенты - это ресурс, который укрепляет доверие и понимание между руководством и университетским сообществом. Будучи студентом, я активно участвовала в управлении университетом в качестве лидера студенческого самоуправления. Воспользовавшись выходными, я провела свободную и открытую встречу с членами студенческого парламента нашего университета. Я пообщался с поколением Z о будущих векторах развития нашего университета, современных парадигмах в сфере образования, академической культуре и формате управления, выслушала их мнения и предложения. Активные молодые люди поделились своими мыслями и вкладами в дальнейшее улучшение имиджа и привлекательности нашего университета. Мы определили направления поддержки планов студенческого предпринимательства, благотворительных и социальных проектов. Открытые и творческие идеи талантливой молодежи вселяют большие надежды», - сказала Л. Карабасова.

## THE MEETING BECAME AN EXCELLENT STIMULUS FOR THE FUTURE OF YOUTH

The rector of Zhubanov University Laura Karabasova devoted the weekend to meeting with young people. The meeting was attended by the heads of the youth organizations of the university.

Young people liked communication with the rector in a free format. "During the conversation, Laura Chapaevna shared her life experience and told interesting stories about studying abroad. She told about the process of cultural development in European countries. Her motivating words inspired a bright future. We received clear answers to our questions about the development of social, cultural and creative spheres of students. Our suggestions were also answered, "the students shared.

The meeting made a great impression on the head of the university, Laura Karabasova. She said that the open and creative ideas of the talented youth inspired great hopes, the conversation was fruitful. During the meeting, directions for further support of youth plans in the areas of entrepreneurship, charity and social projects were identified.

“The Bologna Declaration emphasizes the need to view students as full partners in the management of the university. In fact, students are a resource that builds trust and understanding between management and the university community. As a student, I was actively involved in the management of the university as a leader of student government. Taking advantage of the weekend, I held a free and open meeting with members of the student parliament of our university. I talked with Generation Z about the future vectors of development of our university, modern paradigms in education, academic culture and management format, listened to their opinions and suggestions. Active young people shared their thoughts and contributions to further improve the image and attractiveness of our university. We have identified areas of support for student entrepreneurship plans, charitable and social projects. Open and creative ideas of talented youth inspire great hopes, ”said L. Karabasova.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ZHUBANOV UNIVERSITY ТҮЛЕГІНЕ МИНИСТР АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ АЛҒЫС АЙТТЫ

Министрден алғыс алған Жандос Сансызбаев Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің жас түлегі. Жандос университетті "Биология ББ" бойынша 2019 жылы бакалавриатты, 2021 жылы магистратураны тамамдаған.

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жақында Халықаралық Олимпиада жүлдегерлерімен бейресми кездесу өткізген болатын. Бұл туралы министр Facebook парақшасында жазды. "Биыл ірі халықаралық жарыстарда оқушыларымыз 26 медаль жеңіп алды, оның ішінде 2 алтын, 13 күміс және 11 қола. Нәтижесінде соңғы жылдардағы рекорд жаңартылды. Кездесуге қатысқан балалар жеңіске жету жолындағы қызықты оқиғаларымен бөлісіп, ұсыныстарын айтты, сонымен қатар сұрақтарына жауаптар алды. Оқушылармен және жаттықтырушылармен олимпиадалық қозғалысты алдағы уақытта одан әрі дамыту бағыттарын талқыладық", — деді министр.

Жаттықтырушы Жандос Сансызбаевтың жүлдегер оқушысы Ернар Батыржанов Ақтөбе Білім-инновация лицейінің 11-класында оқиды. Ол Португалия астанасы Лиссабонда өткен Халықаралық олимпиаданың "Биология" пәні бойынша қола медаль иегері.

Министр А.Аймағамбетов кездесуде әлемдік аренада ел даңқын асқақтатқан оқушылардың жаттықтырушылары мен ата-аналарының орасан еңбектерін жоғары бағалады. Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында жаңа шаралар қабылданғанын, жаттықтырушылар мен мектеп оқушылары осы бағыттағы жұмысты күшейту бойынша қосымша шаралар өткізуді ұсынды.

Дарынды балаларды қолдау бағытында министрлік ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сай жүйелі және кешенді шешімдер әзірлеп жатқанын да жеткізді.



## МИНИСТР АСХАТ АЙМАГАМБЕТОВ ПОБЛАГОДАРИЛ ВЫПУСКНИКА ZHUBANOV UNIVERSITY

Чествованный министром Жандос Сансызбаев - выпускник Актюбинского регионального университета Zhubanov University. Жандос окончил бакалавриат по образовательной программе "Биология" в 2019 году, а в 2021 году здесь же получил степень магистра.

Министр образования и науки Казахстана Асхат Аймагамбетов недавно провел неформальную встречу с победителями Международной Олимпиады. Об этом министр написал на своей странице в Facebook. «В этом году наши школьники завоевали 26 медалей на крупных международных соревнованиях, в том числе 2 золотые, 13 серебряных и 11 бронзовых. В результате был побит рекорд последних лет. Мы обсудили дальнейшее развитие олимпийского движения», - сказал министр.

Ернар Батыржанов, наставником которого является Жандос Сансызбаев, учится в 11 классе Актюбинского образовательно-инновационного лицея. Он выиграл бронзовую медаль по биологии на Международной олимпиаде в Лиссабоне, Португалия.

На встрече министр А. Аймагамбетов высоко оценил работу педагогов и родителей учеников, прославивших страну на мировой арене. Были приняты новые меры для обеспечения академической честности.

В целях поддержки одаренных детей Министерством разрабатываются системные и комплексные решения в соответствии с поручением Президента Касым-Жомарта Кемеловича Токаева.

## MINISTER ASKHAT AIMAGAMBETOV THANKED THE GRADUATE OF ZHUBANOV UNIVERSITY

Honored by the Minister Zhandos Sansyzbayev is a graduate of the Aktobe Regional Zhubanov University. Zhandos graduated with a bachelor's degree in the educational program "Biology" in 2019, and in 2021 he received a master's degree here.

The Minister of Education and Science of Kazakhstan Askhat Aimagambetov recently held an informal meeting with the winners of the International Olympiad. The minister wrote about this on his Facebook page. “This year our schoolchildren have won 26 medals at major international competitions, including 2 gold, 13 silver and 11 bronze. As a result, the record of recent years was broken. We discussed the further development of the Olympic movement, ”the minister said.

Ernar Batyrzhanov, whose mentor is Zhandos Sansyzbayev, is a student in the 11th grade of the Aktobe educational and innovative lyceum. He won a bronze medal in biology at the International Olympiad in Lisbon, Portugal.

At the meeting, Minister A. Aimagambetov highly appreciated the work of teachers and parents of students who glorified the country on the world stage. New measures have been taken to ensure academic integrity.

In order to support gifted children, the Ministry is developing systemic and complex solutions in accordance with the instruction of President Kassym-Zhomart Kemelovich Tokayev.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




## ЫСТАНБҰЛДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЫ

Түркия мемлекетінің Ыстанбұл қаласында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Жаһандану өркениетіндегі қазақ әлемі» атты Кіші құрылтайы болып өтті. Дәстүрлі шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылумен ерекшеленді.

Алқалы мәжіліс алдында жергілікті билік өкілдері мен Кіші құрылтай делегаттары және қала тұрғындары екі бауырлас халық, түрік пен қазаққа ортақ тұлға — Мұстафа Өзтүрік атындағы саябақтың ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсім барысында Ыстанбұл қаласының Бағжылар ауданының әкімі Локман Чағырыжы, Қазақстан Республикасының Ыстанбұлдағы Бас консулы Әлім Байел, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков мырзалар сөз сөйлеп, даңқты спортшыны еске алды. Саябақтың ашылуына М.Өзтүріктің қарындасы Перихан мен қызы Неслихан келді. Алқалы жиынға екі жүзге жуық ағайындар қатысты.

Құрылтайдың қорытындысында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қандастардың Үндеуі қабылданды. Сондай-ақ, бірқатар қатысушылар Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары З.Қ.Тұрысбековтың бұйрығымен «Кіші құрылтай» төсбелгісімен марапатталды.

Мәжіліс соңында Анадолыға келген қазақтардың тарихын баяндайтын «Алыстағы ағайын» фильмі көрсетілді.

Құрылтай аясында диаспораның жастары үшін бірқатар қазақстандық жоғарғы оқу орындарының «Білім көрмесі» ұйымдастырылды. Онда оқу орны жөніндегі ақпараттық таныстырылымдар жасалып, сырттағы жастарды шетелдіктерге бөлінетін квота шеңберінде оқуға шақырды.

Бұдан әрі қарай шара Бағжылар аудандық мәдениет орталығында жалғасты. Онда Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Алтын тамырлы Атажұрт» тақырыбында көрме қойылды. Онда Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрі гала-концертін берді.

Кіші құрылтай жыл сайын әр түрлі елдерде өтіп отырады. Келесі жылы Нұр-Сұлтан қаласында Дүниежүзі қазақтарының Ұлы құрылтайы жоспарда тұр.

## МАЛЫЙ КУРУЛТАЙ КАЗАХОВ В СТАМБУЛЕ

В городе Стамбул Турции прошел Малый курултай Всемирной ассоциации казахов на тему «Казахский мир в цивилизации глобализации». Особенность традиционного мероприятия в этом году в том, что оно было организовано в рамках 30-летия Независимости Республики Казахстан.

Перед встречей представители местной власти, делегаты Малого курултая и жители города приняли участие в церемонии открытия парка имени личности общей для двух братских народов - турок и казахов Мустафы Озтурка.

Глава Багджыларского района Стамбула Локман Чагырыжи, Генеральный консул Республики Казахстан в Стамбуле Алим Байел, первый заместитель председателя Всемирной ассоциации казахов Заутбек Турысбеков выступили на церемонии и почтили память известного спортсмена. На открытие парка приехали сестра Озтюрка Перихан и дочь Неслихан. Мероприятие посетили около 200 участников.

В завершении курултая было принято Послание соотечественников по случаю 30-летия независимости Казахстана. Также ряд участников были награждены медалью "Малого Курултая" по распоряжению первого заместителя председателя Всемирной ассоциации казахов З.К. Турысбекова.

Встреча завершилась показом фильма «Далекий брат», рассказывающий историю казахов, приехавших в Анатолию.

В рамках Курултая для молодежи диаспоры была организована «Выставка знаний» ряда казахстанских вузов. Были проведены информационные презентации об университетах, молодые люди получили приглашения на обучение в рамках квоты для иностранцев.

Мероприятие продолжилось в Доме культуры Багжыларского района. Была организована выставка, посвященная 30-летию независимости Казахстана. Также состоялся гала-концерт Академического оркестра народных инструментов Таттимбета.

Небольшие съезды проводятся ежегодно в разных странах. В следующем году в Нур-Султане запланирован Великий курултай казахов мира.

## SMALL KURULTAI OF KAZAKHS IN ISTANBUL

The Small Kurultai of the World Association of Kazakhs on the theme "The Kazakh world in the civilization of globalization" was held in the city of Istanbul, Turkey. The peculiarity of the traditional event this year is that it was organized within the framework of the 30th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan.

Before the meeting, representatives of local authorities, delegates of the Small Kurultai and residents of the city took part in the opening ceremony of the park named after the personality common to the two fraternal peoples - the Turks and Kazakhs, Mustafa Ozturk.

The head of the Bagcilar region of Istanbul Lokman Chagyryzhi, the Consul General of the Republic of Kazakhstan in Istanbul Alim Bayel, the first deputy chairman of the World Association of Kazakhs Zautbek Turysbekov spoke at the ceremony and honored the memory of the famous athlete. Ozturk's sister Perikhan and daughter Neslihan came to the opening of the park. The event was attended by about 200 participants.

At the end of the kurultai, a message from compatriots was adopted on the occasion of the 30th anniversary of Kazakhstan's independence. Also, a number of participants were awarded the "Small Kurultai" medal by order of the First Deputy Chairman of the World Association of Kazakhs Z.K. Turysbekov.

The meeting ended with the screening of the film "Distant Brother", which tells the story of the Kazakhs who came to Anatolia.

Within the framework of the Kurultai for the youth of the diaspora, an "Exhibition of Knowledge" was organized by a number of Kazakhstani universities. Informational presentations about universities were held, young people received invitations to study within the quota for foreigners.

The event continued in the House of Culture of the Bagzhylar region. An exhibition dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's independence was organized. There was also a gala concert of the Academic Orchestra of Folk Instruments of Tattimbet.

Small conventions are held annually in different countries. Next year, the Great Kurultai of the Kazakhs of the world is planned in Nur-Sultan.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## КҮЙШІ ҚҰРМЕТІНЕ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Ақтөбе өңірлік Zhubanov University университетінде күйші, композитор Бақыт Шаңбатырұлы Басығараевқа арнап кабинет ашылды. Қазақтың дәстүрлі мұрасын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан күйші қазанғаптанушы ретінде өнерлі ортада есімі белгілі. Ол Қазанғаптың 30 күйін бастапқы нұсқасында өз әрімен орындаушы, бұрын белгісіз болып келген күйлері "Ноғайлым", "Қаратөс", "Табақтарту" секілді күйлердің алғашқы орындаушысы. Арнайы музыкалық білімі жоқ болса да Бақыт Басығараев бүкіл өмірін күйшілікке арнаған адам.

Ол Қазанғап күйлерін бала кезінен үйренген. Кейін мектепте мұғалім болып істеген жылдары домбыра үйірмесін ашып, жеткіншектерді күй өнеріне баулыған ұстаз. Сонымен қатар Қазанғаптың шәкірттерімен танысып, олардан Қазанғаптың күй орындау мақамын игереді.

Бақыт Басығараевтың орындауындағы күйлер 1984 жылы тұңғыш рет нотаға түсірілген. Сол кезден бастап оны ел ішінде кең тани бастайды. Алматыдағы ұлттық жоғары оқу орындары студенттермен кездесуге шақырып, шеберлік мектебін өткізеді.

Бақыт Шаңбатырұлы 1963 жылдан бастап 1990 жылға дейін Шалқар ауданының ГКС – 11 газ құбырында машинист маманы болып еңбек етті.

1995 жылы Қазақ радиосының «Алтын қорына» «Толқында туған тарланбоз» атты радиохабар жазылды. 1998 жылы Бақыт Басығараевқа «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілді. Күйші 2000-жылы, 74 жасында дүниеден озды.

Қазанғап күйлерінің насихатталуына мол үлес қосқан Бақыт Басығараевтың ісін ұлы, Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Еділ Басығараев жалғастырып, Қазанғап күйлерін зерттеп, «Серпер Ақжелең» атты кітап шығарды. Немересі Бексұлтан Бақыт та Қазанғап күйлерін орындап жүрген жас музыкант.

Күйші құрметіне ашылған кабинеттің ашылуына ұрпағы атынан күйшінің ұлы Ерсайын Басығараев, Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнусова қатысты.

Күйші атындағы кабинетте болашақ музыканттар практикалық дәріс оқитын болады.

## В ЧЕСТЬ КЮЙШИ ОТКРЫТ КАБИНЕТ

В Актюбинском региональном университете Zhubanov University открылся кабинет в честь кюйши, композитора Бахыта Шанбатыровича Басыгараева. Внесший вклад в развитие традиционного казахского наследия, кюйши известен в культурной среде как казангаповед. Он исполнитель 30 кюев Казангапа в оригинальной редакции, первый исполнитель ранее неизвестных кюев "Ноғайлым", "Қаратөс", "Табақтарту". Несмотря на отсутствие специального музыкального образования, Бахыт Басыгараев всю свою жизнь посвятил музыке.



С детства он учил кюи Казангапа. Позже, будучи учителем в школе, он открыл клуб домбры и прививал интерес подростков к кюям. Он познакомился с учениками Казангапа и узнал от них манеру исполнения кюев Казангапа.

Кюи в исполнении Бахыта Басыгараева впервые были перенесены в ноты в 1984 году. С тех пор он стал широко известен в стране. Национальные университеты Алматы приглашали музыканта на встречи со студентами и школы мастерства.

С 1963 по 1990 год Бахыт Шанбатырович работал машинистом на газопроводе ГКС-11 в Шалкарском районе.

В 1995 году радиопрограмма «Толқында туған тарланбоз» была записана в «Золотой фонд» Казахского радио. В 1998 году Бахыт Басыгараев удостоен звания «Заслуженный деятель Казахстана». Композитор умер в 2000 году в возрасте 74 лет.

Дело отца, внесшего значительный вклад в популяризацию кюев Казангапа, Бахыта Басыгараева, продолжает сын, доцент Казахского национального университета искусств Едиль Басыгараев. Он также изучает кюи Казангапа и даже издал книгу «Серпер Ақжелең». Его внук Бексултан Бахыт тоже молодой музыкант, исполняющий кюи Казангапа.

В церемонии открытия кабинета имени композитора приняли участие сын кюйши Ерсайын Басыгараев и руководитель управления культуры, архивов и документации Актюбинской области Алтынай Юнусова.

В кабинете имени Бахыта Басыгараева студенты будут проходить практические занятия.

## AN OFFICE WAS OPENED IN HONOR OF KUISHI

An office in honor of kyuishi, composer Bakhyt Shanbatyruly Basygaraev, has opened at the Zhubanov University. Having made a contribution to the development of the traditional Kazakh heritage, kyushi is known in the cultural environment as a Kazangap scholar. He is a performer of 30 kyuis of Kazangap in the original edition, the first performer of previously unknown kyuis "Nogailim", "Karatus", "Tabagartu". Despite the lack of special musical education, Bakhyt Basygaraev devoted his entire life to music.

From childhood he taught Kazangap's kyuis. Later, as a teacher at school, he opened a dombra club and instilled in teenagers interest in kyuis. He met with Kazangap's students and learned from them the manner of performing Kazangap's kyuis. Kyuis performed by Bakhyt Basygaraev were first transferred to sheet music in 1984. Since then, he has become widely known in the country. National universities of Almaty invited the musician to meetings with students and schools of mastery.

From 1963 to 1990, Bakhyt Shanbatyruly worked as a machinist on the GKS-11 gas pipeline in the Shalkar region. In 1995, the radio program "Tolgynda tugan tarlanboz" was recorded in the "Golden Fund" of Kazakh radio. In 1998 Bakhyt Basygaraev was awarded the title "Honored Worker of Kazakhstan". The composer died in 2000 at the age of 74.

The work of the father, who made a significant contribution to the popularization of the kyuis of Kazangap, Bakhyt Basygaraev, is continued by his son, associate professor of the Kazakh National University of Arts, Edil Basygaraev. He also studies the kyuis of Kazangap and published the book "Serper Akzhelek". His grandson Beksultan Bakhyt is also a young musician performing Kazangap's kyuis.

The opening ceremony of the cabinet named after the composer was attended by the son of kyuishi Ersayin Basygaraev and the head of the department of culture, archives and documentation of the Aktobe region Altynay Yunusova.

In the office named after Bakhyt Basygaraev, students will have practical classes.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТ ҚЫЗМЕТІ ЕНГІЗІЛДІ

Еліміздің мектептерінде педагог-ассистент қызметі енгізілді. Бұл мамандар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуда, яғни инклюзивті білім беруде балалардың мектепке тез үйреніп кетуіне көмектесетін болады. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің тапсырмасы бойынша еліміздің барлық өңірінде 700-ге жуық педагог-ассистент жұмысқа кірісті.

«Бұл мұғалімді алмастыру деген сөз емес. Педагог-ассистенттердің алдында педагогика мен психология тоғысында ерекше мақсат-міндеттер қойылған. Атап айтсақ, балаларды бағыттау, олардың оқу процесіне бейімделулеріне көмектесу. Әңгіме ерекше қажеттіліктері бар балалар туралы болғандықтан, педагог-ассистент техникалық қолдау да көрсете алады. Мәселен, егер бала өз бетінше қозғала алмаса. Немесе егер балаға дефектологтың көмегі қажет болса, педагогикалық қолдау қажет. Біз бұл жұмыста белсенділік танытып жүрген үкіметтік емес ұйымдарға ризашылығымызды білдіреміз», — деді ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрайымы Гүлмира Кәрімова.

Педагог-ассистент ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуге де қатысады. Сонымен қатар олардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлардың қарастырылуын қадағалайды.

Соңғы уақытта ҚР БҒМ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға барынша қолайлы жағдай жасау барысында ерекше жұмыс жасап жатыр.

## ВВЕДЕНА ДОЛЖНОСТЬ ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТ

В школах страны введена должность педагога-ассистента. Эти специалисты помогут детям



с особыми образовательными потребностями в рамках инклюзивного образования быстро привыкнуть к школе. По поручению Министра образования и науки Казахстана Асхата Аймагамбетова приступили к работе около 700 педагогов-ассистентов во всех регионах страны. "Это не означает замену учителя. У педагога-ассистента есть особые цели на стыке педагогики и психологии. В частности, чтобы направлять детей, помогать им адаптироваться к процессу обучения.

Поскольку мы говорим о детях с особыми потребностями, педагог-ассистент также может оказать техническую поддержку. Например, если ребенок не может двигаться самостоятельно. Или, если ребенку нужна помощь логопеда, педагогическая поддержка. Мы благодарны неправительственным организациям, которые активно участвуют в этой работе», - сказала председатель Комитета дошкольного и среднего образования Министерства образования и науки Казахстана Гульмира Каримова. Педагог-ассистент также участвует в разработке индивидуальных образовательных программ для детей с особыми образовательными потребностями. Он следит за созданием необходимых условий для их безопасности и здоровья.

В последнее время Министерство образования и науки Республики Казахстан работает над созданием максимально благоприятных условий для детей с особыми образовательными потребностями.

## THE POSITION OF TEACHER-ASSISTANT WAS INTRODUCED

The position of a teacher-assistant has been introduced in the country's schools. These specialists will help children with special educational needs through inclusive education quickly get used to school. On behalf of the Minister of Education and Science of Kazakhstan Askhat Aimagambetov, about 700 teaching assistants began to work in all regions of the country. “This does not mean replacing the teacher. The teacher-assistant has special goals at the intersection of pedagogy and psychology. In particular, to guide children, to help them adapt to the learning process. Since we are talking about children with special needs, the teaching assistant can also provide technical support. For example, if the child cannot move independently. Or, if the child needs the help of a speech therapist, pedagogical support. We are grateful to non-governmental organizations that are actively involved in this work, ”said Gulmira Karimova, Chair of the Preschool and Secondary Education Committee of the Ministry of Education and Science of Kazakhstan. The teacher-assistant also participates in the development of individual educational programs for children with special educational needs. He oversees the creation of the necessary conditions for their safety and health.

Recently, the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan has been working to create the most favorable conditions for children with special educational needs.




## БОЛАШАҚТЫҚТАР МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Жоба Түркістан облысында басталды. Оған «Болашақ» бағдарламасының 150-ден астам түлегі ерікті ретінде қатысады. Олар жүз мың 9-11 класс оқушыларына мамандық таңдауда көмектесетін болады.

«Бұл жай ғана тест немесе сауалнама толтыру емес, бұл нағыз мамандық таңдауға кірісу: кездесулер, оқыту және түсіндіру семинарлары, мастер-кластар және тәлімгерлердің кеңестері. «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде 11 мыңнан астам жоғары білікті маман даярланды. Бүгінде олар экономиканың басым секторларында жұмыс істейді. Әлбетте, олардың ақысыз ұсыныс білдіргенімізге қолдау көрсеткендері қуантады. Оқушылармен мұндай қарым-қатынас және өзара іс-қимыл балалардың мамандық таңдауына оң әсер етеді деп үміттенеміз», — дейді «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ вице-президенті Ғалия Досмұхамбетова.

Ментор-болашақтықтар қатарында инженерлік-техникалық, медициналық, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының докторлары бар.

## БОЛАШАКОВЦЫ ПОМОГУТ ВЫБРАТЬ ПРОФЕССИЮ

Проект стартовал в Туркестанской области. В нем в качестве волонтеров примут участие более 150 выпускников программы «Болашак». Они помогут выбрать профессию сотням тысяч учеников 9-11 классов.

«Это не просто тест или анкета, это реальное содействие в выборе профессии: встречи, обучающие и разъяснительные семинары, мастер-классы и советы наставников. По программе «Болашак» подготовлено более 11 тысяч высококвалифицированных специалистов. Сегодня они работают в приоритетных отраслях экономики. Мы рады, что они поддержали наше предложение на бесплатное сотрудничество. Мы надеемся, что такое общение и взаимодействие со школьниками положительно повлияет на их выбор будущей профессии», — сказала вице-президент АО «Центр международных программ» Галия Досмухамбетова.

Среди наставников-болашаковцев — доктора технических, медицинских, гуманитарных и естественных наук.

## BOLASHAKERS WILL HELP CHOOSE A PROFESSION

The project started in the Turkestan region. More than 150 graduates of the Bolashak program will take part in it as volunteers. They will help hundreds of thousands of students in grades 9-11 choose a profession.

“This is not just a test or a questionnaire, it is real assistance in choosing a profession: meetings, training and explanatory seminars, master classes and advice from mentors. More than 11 thousand highly qualified specialists have been trained under the Bolashak program. Today they work in priority sectors of the economy. We are glad that they supported our proposal for free cooperation. We hope that such communication and interaction with schoolchildren will have a positive effect on their choice of a future profession, ”said Vice President of the Center for International Programs Galiya Dosmukhambetova.

Among the Bolashak mentors are doctors of technical, medical, humanitarian and natural sciences.

**Басты жаңалықтарды дайындаған**
**Айерке Сұлтанбекова**

# Счастливый выбор




2010 год. Приёмная комиссия Zhubanov University. За столик Людмилы Николаевны Мясниковой с папкой документов сел очередной абитуриент. Он точно знал, что хочет стать учителем. Наметил кафедру математики. Очень энергичный, хваткий парень бросился в глаза ученого-физика. Людмила Николаевна решила уговорить его стать её студентом, рассказав о перспективах в науке. Того парня зовут Мират Оспанов. Обладатель главной медали республиканского конкурса «Лучший учитель -2020», топ-10 национальной премии «Teacher Prize» преподаёт в Назарбаев Интеллектуальной школе в Актобе. Окончив с отличием Zhubanov University, молодой физик прошел стажировку в Великобритании по программе «Болашақ» и даже попробовал себя в роли лондонского учителя. В 2022 году Мират представит Казахстан на Global Teacher Prize. Увлеченный наукой учитель всегда на связи со своим наставником Людмилой Николаевной Мясниковой. Ведь его дорогу в большую науку они прокладывали вместе. Мират был постоянным участником республиканских и международных олимпиад, на 3-м курсе по программе академической мобильности учился один семестр в Польше. Подготовил под руководством Л.Мясниковой магистерскую диссертацию и успешно её защитил в 2020 году. Уже 7 учебный год Мират Оспанов прививает своим ученикам любовь к физике. Может и он для кого-то станет наставником, уговорившим сделать счастливый выбор.

**Айерке Султанбекова**

**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: http://zhubanov.edu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**